

Көліктегі қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 27 қыркүйек N 76-ө. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қазандағы N 1586 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.13 N 1586 Қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы көлігінің қызметіне заңсыз араласу әрекетінің тиімді түрде алдын алу, көліктегі қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жақсарту мақсатында мынадай құрамда Көліктегі қауіпсіздікті және терроризмге қарсы іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) құрылсын:

- | | |
|-----------------------------|--|
| Сұнтаев Тілеген Иматұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы |
| Дүтбаев Нартай Нұртайұлы | - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |
| Дауылбаев Асхат Қайзоллаұлы | - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша) |
| Уажанов Тұрсын Үшбайұлы | - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі директорының орынбасары (келісім бойынша) |
| Ахметов Темірбай Біләлұлы | - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі орталық ішкі істер басқармасының бастығы |

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2002.03.19. N

16 өкімімен , 2002.05.23. N 59 өкімімен , Тақырыбы және 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 728 қаулысымен , 2005.03.01. N 42 өкімімен .

2. Үйлестіру кеңесіне көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмысын үйлестіру, жүк және жолаушылар тасымалының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру жүктелсін.

3 . < * >
4 . < * >

Ескерту. 3,4-тармақтар алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің 2005.03.01. N 42 өкімімен .

Премьер - Министрдің

бірінші орынбасары